

Қаралды  
ӘБ жетекшісі :  
Хаттама № 1

«Келісемін»  
директордың оқу тәрбие  
жөніндегі орынбасары  
Исмагулова А.Б



Мектеп директоры м.а  
Мадьярова А.М А.М

### «Коршаған әлем»

#### 4-сынып

(факультатив жоспары )

2023-2024 оқу жылы

Бастауыш сынып мұғалімі: Исламгалиева М.С

«Обаған жалпы білім беретін мектебі »КММ

### **Түсінік хат.**

4 сыныптарға арналған «Қоршаған әлем» бағдарламасы мемлекеттік стандарт талаптарына негізделіп құрастырылды.

Бастауыш сынып қоршаған әлем бүгінгі талапқа сай «Дуниетану» курстарына қосымша білім беруге бағытталған.

Бағдарламаның басты мақсаттары оқушыларға айнала қоршаған ортаны адам өмірімен байланыстыра отырып білім беру, қоршаған ортаның бір – бірімен үнемі байланыста болатынын ұғындыру, алғашқы экологиялық ұғымдарды қалыптастыру және табиғатқа деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.

4 – сыныпта – оқушыларда өсімдіктер мен жануарлардың әр түрлілігі мен бірлестіктерін, топтарын ажырату, олардың тіршілігі туралы қызығушылықтары мен ынтасын арттыру көзделеді.

Алғаш рет тірі организмдерді қорғау керектігін түсіндіру. Қызыл кітаптың мақсатын ұғындыру. Сол сияқты оқушылардың қоршаған ортаның сапасы, ластану және адамның денсаулығы арасындағы байланыстарды ажырату деңгейіне дейін білімдері дамытылады.

Әрбір курсты аяқтауы табиғатқа шығу арқылы бекітіледі. Оқушылар естіген және көргендерін қолымен ұстап түйсініп, табиғаттың әр түрлі құбылыстарынан ләzzат алады. Туған мекенге деген алғашқы патриоттық сезімі оянады.

## **Пікір**

Бұл бағдарлама табиғатты жаңа танып келе жатқан бастауыш сыйнып оқушыларына арналған. Бағдарламаның апталық жүктемесі 1 сағатқа әр сыйнып оқушыларының ерекшеліктеріне арналып құрастырылған. Ұсынылып отырған бағдарлама оқушыларға тірі және өлі табиғат, адам және табиғат арасындағы қарым - қатынас туралы білімді игеруге көмектеседі. Ол оқушыларға экологиялық тәрбиемен қатар қоршаған ортаға, табиғатқа мейірімділікпен қарауға тәрбиелейді.

Негізгі ұғымдар дүниетану пәнімен байланыса отырып, ҚР білім стандартына негізделіп алынған.

«Қоршаған әлем» бағдарламасы оқулықтың мазмұнын толық ашуға көмек беру мақсатын және оқушының танымдық қабілетін дамытуды көздейді. Бағдарлама авторы беріліп отырған материалдың алуантүрлігі оқушының танымдық қабілетін белсендіріп, дүниетану сабағына қызығушылығын арттыруда, оку үрдісін ұйымдастырған кезде оқушының жас ерекшелігіне, жеке қабілетіне бағыттап жасаған. Әр тақырыпқа белгіленген сағат саны көрсетілген. Бастауыш буында алған білім одан кейінгі алатын білімнің іргетасы екені бәріне мәлім. Дүниетану пәні жаратылыстану бағытында жүргізілетін пәндердің негізі болып, айналамызды қоршап тұрған табиғатты танып білуге көмектеседі.

### **Мақсаты:**

Оқушылардың қоршаған ортаны, табиғатты, өсімдіктер әлемі мен жануарлар әлемін ұғынуға, өзінің туган жерін, Отанын танып білуге бағыт-бағдар беру арқылы танымдық қабілеттерін дамыту.

### **Міндеттері:**

- Өсімдіктер әлемі туралы білім беру;
- Жануарлар әлемі туралы білім беру;
- «Қызыл кітап», қорықтар туралы білімін кеңейту;
- Қоршаған ортаны танып-білуге қызығушылығын арттыру;
- Отан ұғымын кеңірек таныту, әлемдегі орны мен рөлі туралы ұғынуға көмектесу;
- Табиғатты қорғау саласында оқушылардың білімдерін жүйелеу, нақты мысалдар келтіре отырып, суреттермен көрсете отырып нақтылау
- Жас ерекшеліктеріне сай табиғаттану түсініктерін кеңейту;
- Баланың эмоционалды сезімін байыту. Табиғаттың сенімді досы болуына көмектесу.
- Берілген тақырып бойынша өздігінен ізденуге дағдыландыру;
- Шағын кітапшалар жасап, оқуға, сөзжұмбақ шешуге үйрету;

**Тақырыптық күнтізбелік жоспар**  
**«Коршаған әлем» 4 класс**  
**(Аптасына 1 сағат. Барлығы 34 сағат.)**

<b>№</b>	<b>Тақырыптары</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Мерзі мі</b>
1	Айналамыздағы тіршілік	1	
2	Бізді қоршаған табиғи орта.	1	
3	Өсімдіктер және адам арасындағы қарым-қатынастар туралы үғым.	1	
4	Жануарлар және адам арасындағы қарым-қатынастар туралы үғым.	1	
5	Адам және табиғат	1	
6	Адам мен табиғат арасындағы байланыс.	1	
7	Табиғат кешендері.	1	
8	Өсімдіктер мен ауа арасындағы байланыс.	1	
9	Табиғаттағы тепе-тендік туралы үғым.	1	
10	Ауладағы қоқыстар, олардың зияны.	1	
11	Өндірістік қалдықтардың түрлері және зияны.	1	
12	Ауыл шаруашылығы қалдықтарының түрлері және зияны.	1	
13	Тұрмыстық қоқыстар	1	
14	Қоқыстарды тазалаудың маңызы.	1	
15	Сенбіліктер, олардың рөлі.	1	
16	Табиғат қорлары.	1	
17	Геожүй туралы түсінік.	1	
18	Экожүйелер туралы түсінік.	1	
19	Табиғи қорлардың адам өміріне қажеттілігі.	1	
20	Ауа және су.	1	
21	Ауаның тіршілік үшін маңызы және ластанудан қорғау жолдары	1	
22	Судың тіршілік үшін маңызы және ластанудан қорғау жолдары	1	
23	Топырақ туралы түсініктер.	1	
24	Топырақтың тіршілік үшін маңызы.	1	
25	Топырақтың ластануы мен тозуы.	1	
26	Табиғаттағы өсімдіктер қоры.	1	
27	Орман – ел байлығы.	1	
28	Табиғаттағы жануарлар қоры.	1	
29	Жануарларды қорғаудың маңызы.	1	
30	Күз көріністері. Қураган өсімдіктердің топырақ түзудегі рөлі.	1	
31	Қыс көріністері. Қар көшкіндері мен оның зардалтары. Адамның табиғатқа қамқорлығы.	1	
32	Көктем көріністері. Көктемгі табиғаттағы өзгерістер.	1	
33	Жаз көріністері. Жаздағы табиғаттағы өзгерістер.	1	
34	Оқушылардың табиғат қорғаудагы рөлі.	1	

### **Күтетін нәтиже:**

- Оқушы өсімдіктер әлемі туралы мағлұмат алады;
- Жануарлардың көптүрлілігімен танысады;
- Жергілікті жердің табиғаты туралы мағлұмат алады;
- «Қызыл кітап» туралы білімін кеңейтеді;
- Әлемдік көлемде өз Отанының алатын орны мен рөлі туралы мәліметтермен танысады;
- Окушы қоршаған ортада өзінің орнын білетін дәрежеге ие болды;

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Дүниетану. Әдістемелік құрал. Алматықітап 2013
3. Бейсенова Ә.С. Экология-ел тағдыры.  
Алматы. Мектеп.2006
4. Табиғатты қорғау жөніндегі материалдар жинағы. Табиғат –ел байлығы. Алматы. Қайнар. 2010.
5. Ковшарь А.Ф. Қазақстанның Қызыл кітaby беттерінен. Алматы.  
Алматықітап ААҚ. 2004
6. «Таза болса табиғат-аман болар адамзат» республикалық конкурсының материалдары. Астана қаласы. 2011
7. Бастауыш мектеп. 2008 ж №2 10-11-беттер